

ӘОЖ 811.581

## **ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ТОНДАР ЖІНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Салиева Анипа Сериккызы**

apink9399@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының 1 курс студенті

Нұр-сұлтан, Қазақстан

Фылыми жетекшісі – Дүкен Мәсімханұлы

Тіл-адамзат қоғамының бір кезеңінде туып, занды түрде дамыған семантикалық жүйе. Оның ең басты қызметі ақпарат хабарлардың жасау, сақтаумен және оларды сақтаумен байланысты. Тіл адамды қоршаған шындық өмір туралы білімді сақтаумен бірге, жаңа білімді қабылдайтын, сөйтіп адамның ойлау процесін жетілдіретін қоғамдық сипаты бар құбылыс. Тіл-адамзат қоғамының негізгі қарым-қатынас құралы.

Дүние жүзі тілдері типологиялық жіктелімінің фонетика, морфология, синтаксис түрлері бар. Олардың ішінде ең көп тарағаны морфология жіктелім. Морфологиялық жіктелім бойынша қытай тілі түйікталған тілдер сыныбына жатады. Бұл тілдер өзгеріске көп ұшырамайды, сөз өзгерімі аз, сөзжасамы әлсіз, сөздердің ретімен келу тәртібі мен интонацияның грамматикалық маңызы өте үлкен.

Тіл құрылымының бір де бір бөлігі фонетика сияқты терендептіліп зерттемеген. Фонетика - (грек. Phonctikys - дыбыстық дауыстық) - тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы. Тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда фонетика өз нысанының тілдік қана емес, материалдық жағын да - дыбыстарды жасайтын адамның дыбыстау (артикуляция) жүйесін, яғни айтылым базасын, дыбыстың айтылымын (акустикасын), естілімін (перцепциясын) қарастырады.

Адам органдарының көмегімен шығарылатын дыбыстар тілді үйренуде маңызды орын алады, тіл ерекшеліктерін тарихи түсінудің кілті болып табылады. Осы орайда, көптеген жаңалықтар ашылды. Тірі тілдерді жақынырақ зерттеу олардың дыбыстарға қаншалықты бай екенін, дыбыстардың өзара айырмашылығының дәлдігін көрсетті. Откен ғасырдың ортасынан бастап табиғат, дыбыстардың қалыптасу әдістері, тілдің жалпы физиологиясы, фонетика тәуелсіз ғылым саласы ретінде жан - жақты зерттелді. Осылайша, дыбыс табиғатын мұлде өзгеше түсінуге болатын болды.

Барлық тондардың әуенін до нотасынан бастау міндетті емес. Оны дауыстын биіктігіне байланысты кез келген нотадан бастауға болады. Алайда, берілген интервалды толықтай сақтау керек. Тондармен жұмыс істеу үшін, олардың әуенін жаттап алған жөн.

Тонның акустакалық корреляты негізгі тонның жиілігі болып табылады. Ол дауыс шымылдығының дірлі жиілігімен сипатталады. Әрбір сөйлеушінің негізгі тон базалық жиілігі дербес және көмей құрылсына байланысты ерекшеленеді. Орта есеппен ер адам дауысы үшін ол 80 - 210 Гц құрайды, ал әйел адам дауысы үшін 150 - 320 Гц құрайды. Негізгі тонның жиілігі тербелістің қайталануына әкеледі.

Негізгі тон жиілігінің жоғарылауы адамға тонның жоғарылауы сияқты естіледі. Ең бастысы, дыбыстаудың салыстырмалы биіктігі қабыл етіледі: абсолюттік көрсеткіштерде әйел адам дыбыстаған тәмен тон ер адам дыбыстаған биік тоннан биік бола алады.

Дыбысты айту кезінде негізгі тонның жиілігі өзгеруі мүмкін, бұл интограммаларда анық көрінеді. Осындағы өзгеруге контурды және өзгермелі тондардың бар болуы себепші болады, алайда, шын мәнінде "тегіс" тондар өте сирек толығымен тегіс болады. Оның себебі - айту барысында ауаны жұмсау: көмейдегі ауа көлемі азайған сайын дауыс желбезегіне түсетін қысым, сонымен қатар тербеліс жиілігі әлсірейді.

Негізгі тонның жиілігінің өзгеруі көмей артикуляциясымен байланысты сөйлеу белгісінің модуляциясына әсер етпейді (мысалы, сөздің мағынасын өзгертетін қосымшалар). Әр түрлі сөз мағынасын ажырататын тоналды бірліктер тонема деп аталады.

Тон, интонация, фонация және екпін сияқты суперсегментті немесе просодиялық белгілер жатады.

Белгілі бір тілдің тондары туралы айтсақ алдымен оны анықтау қажет. Қазіргі кездегі тонның ерекше философиялық бірлік реінде екі анықтамасы белгілі.

біріншіден, тон-буынды айту кезіндегі дыбыстың әунезді вариациясы. Тон-дыбысты тәмендеу немесе көтеру түрінде жүзеге асырылады.

екіншіден, тон-регистр, жиілік диапазон, финаль ішіндегі дыбыс қарқындығы. Ұзақтық дауысты дыбыстың сапасы, фарингализация сияқты акустикалық белгілер жиынтығы.

Тон өзгеріссіз немесе бір деңгейден басқа деңгейге өзгермелі болуы мүмкін. осы деңгейлердің саны тілге байланысты әртүрлі болады, бірақ жалпы төрттен аспайды (көтеру, екі орта тәмен), дауыс деңгейін өзгертпейтін тондар тегіс немесе контурды тондар деп аталады. басқалары бағыт сипатына сәйкес топтастырылады. Бір бағытты (көтеру, тәмендету) екі бағытты (көтеріп-тәмендету/тәмендетіп-көтеру).

Кез-келген тілді үйрену барысында, ең алдымен оның негізгі бірліктерін қарастыру керек. Тіл біліктерін бөлу негізгі екі деңгейде жүргізіледі:

Сөйлемдер-сөз тіркесі-сөз-морфема-фонема

Бұл сегменттеу бірлікарылық сегменттеу деп аталады, себебі сегменттеудің бұл түрі сегменттеудің барлық бірліктерін қамтиды.

Сөз-буын-дыбыс

Ал бұл сегменттеу тек бір фонетикалық деңгейді қамтығандықтан оны бірліктік сегменттеу деп атайды.

Жоғарыда көрсетілгендерден өзге де фонетикалық бірліктер бар. Олар тілдің интонациялық құрылымы болып табылады және коммуникативті міндеттерін жүзеге асырады. Бұл бірліктер интонация, екпін және тондарды құрайды.

Кейбір тілдерде (мысалы себ-хорвад тілі) тондар тек екпінді буындарда байқалады, бұл жағдайда тон әдетте екпіннің бір түрі ретінде қарастырылады. Тоналды тілдердің көбінде сөздің барлық буындарының тондары болады. Тондар өзінің парадигматика, синтегматикасымен тілдің суперсегменті бірліктерінің ерекше жүйесін құрайды. Олар сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын білдіреді.

Калеб Эверетт бастаған Майами университеттерінің лингвистері 3700 түрлі тілді мейгеріп, олардың пайда болған жерлерімен салыстырып зерттеді. Олар тоналды тілдер көбінесе ылғалды климатты аймақтардан шыққанын анықтаған. Тоналды тілдер-Африкалық және Оңтүстік Азия тропикалық аймақтары, сондай-ақ Солтүстік Америка, Амазония және Гвинея ылғалды аймақтары. Оның себебі - ылғалдылық есебінен көмей икемді және күрделі дыбыстарды шығаруға қабілетті болады. Калеб Эвереттің ойлауынша, тондардың пайда болуы тіл дамуына жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Тіл толығымен климатқа тәуелді бола алмайды, алайда тіл дамуының бір факторы екенін айттып өзінен жөн.

Зерттеу нәтижелері PNAS-та базылған. Менгерген 3700 тілдің ішінде 629 тоналды тіл бар. Бұндай тілдерде бір дыбыс түрлі тонмен дыбысталып, сөздің мағынасын өзгерте алады. Тоналды тілдер ішінде кең таралғаны-қытай тілі. Әлем тілдеріндегі тондар 2-ден 10 дейінгі санды құрайды. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, тон дыбыстың акустикалық сипаттамасы болып табылады. Ол жоғарғы және төмен жиіліктерінде энергияның тығыздығымен анықталады. Бұл жағдайда фонетикада тон ұғымын «тоналдылық» деп аталады. Тоналды дыбыстар жоғарғы және төмен болып екі топқа бөлінеді. Мысалға келтірер болсақ, орыс тіліндегі «у», «о», «а» дауысты дыбыстар төмен тоналды дыбыстар, ал «э», «и» - жоғары тоналды дыбыстар болып саналады. Фонология саласында осы сипаттама фонемалардың айрықша белгісі болып табылады.

Қазіргі жаһандану заманында қытай тілі «Болашақ тілі» деген атқа ие. Қытай тілі бұл күндері әлемдегі ең танымал білдің бірі болып есептеледі және ортақ статистикаға жүгінер болсақ, жер бетіндегі әрбір 5-ші адам қытайтілінде сөйлейді. Бұл тілде сондай-ақ, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Вьетнам, Мьянма, Малайзия, Таиланд, Сингапур сияқты т.б елдер сөйлесе, жалпы әлемде бұл тілде сөйлейтін 1 миллиард адам өмір сүреді. Қытай тілінің сан ғасырлық қайталанбас тарихы бар. Сол себепті оның өзіндік ерекшеліктері көп. Ең бірінші ерекшелік қытай тілінің жазу таңбалары-иероглифтер болса, содан кейінгі ерекшелігі қытай тілінде тондардың болуы.

Әр буында тиесілі ырғақ тон болатындығы қытай тілі фонетикасының басты ерекшелігі. Тон белгісі дауысты дыбыстың үстінен қойылады. Егер екі дауысты дыбыс қатар келсе, тон белгісі негізгі дауысты дыбыстың үстінен қойылады. Қытай тілінде бес тон бар. Сөз немесе буынның мағынасы оның тонына қарай ажыратылады және де олардың иероглифтары да әртүрлі болады. Тондар тек пиньин жазғанда дауыстының үстінен қойылады. Оларды ажыратса білу өте маңызды. Себебі тонды дұрыс қоймаған жағдайда сөйлемнің мағынасы өзгеше сипат алады. Дегенмен қытай тіліндегі еркін сөйлейтін адамдар күнделікті өмірде де тондарды тез сөйлегеннің өзінде оңай ажыратып, бірін-бірі еркін түсінеді. Бір қызық жайт қытайдың диалектілерінде тондардың саны бізге белгілі төрт тоннан біршама көбірек.



Қытай тілі жазылуында төрт тон формасына сәкес таңбамен белгіленеді. Тонның таңбасы тек дауысты дыбыстың үстінен ғана қойылады. Қытай тіліндегі тондарды адам дауысының, кез келген әуені сияқты, виолончель немесе скрипка секілді музикалық аспаптармен жеткізуге болады. Фортепиано немесе басқа аспаппен тоның тек жоғарғы

немесе төменгі бөлігін ойнауға болады, ал керекті жылжуды дауыспен толықтыру қажет. Төрт тонның әуенің до нотасынан бастау міндепті шарт емес. Оны дауыстың биіктігіне байланысты кез келген нотадан бастауға болады. Алайда, берілген интервалды толықтай сақтау керек. Тондармен жұмыс істеу үшін төрт тонның әуенің жаттап алған жөн. Сол себептен қытай тілін үйренудің алғышарты тонды үйреніп, оны ырғаққа дұрыс салу деп айтылады. Тоналды тілдерді соның ішінде қытай тілін фонетикалық жағынан зерттеуге лингвисттер аса үлкен қызығушылық танытады. Қытайда фонетиканың қалыптасуы көне заманнан басталды. Сол кезде тілдің фонологиялық құрамы жайында көптеген пікірталастар болған. Қытайда фонетика буддизмнің белгілі бір ықпалымен құрылған. Ол Үндістаннан дыбысқа сонымен бірге поэзия, рифма, әуен мен тонға деген қызығушылықты алып келді. Фонетика жайлы еңбектер лексикографиялық дәстүр негізінде пайда болған. Фонетика жайлы алғашқы еңбектер: Ли Дэнның «Шэнлэй», Люй Цзиннің «Юньцзи», Лу Фаянның «Цеюнь» сияқты сөздіктері 2-3 ғасырларда иероглифтердің оқылуы, инициалдар мәннің финалдарға (рифма) бөліне бастады. V ғасырдан бастап тондарды оқып-үйрену тәжірибелері пайда бола бастады.

Фонетикалық кестелердің пайда болуымен фонетика дамыған, тәуелсіз ғылым саналатын болды. Бұл кестелер рифма, инициалдар, аралық дауыстар дыбыстар мен тондар жайлы мәліметтерді қамтыған.

XI-XIX ғасырларда қытай лингвистері ежелгі заманнан қалыптасқан тілдің сөздік жүйесін сипаттау принциптерін ұстанды. Сол кезде V ғасырда басталған тондарды зерттеу жалғастырылды. Жаңа рифмалық сөздіктер пайда бола бастады.

Қорытындылай келе мен қытай тіліндегі тондардың ерекше құбылыс екенін айтып кеткім келеді. Себебі тон сейлеушінің сөзіне ерекше әсер, әуен, көніл-күй беріп тұрады. Тонсыз айтылған сөз өзге мағына беретінін ойласақ мүлде миға қонбайтын нәрсе секілді. Бірақ дәл осы құбылыс қытай тілінің өзіндік ерекшелігі, ғажайыбы. Қытай тілі өзінің осындай құрделілігі мен тартымды, күлаққа әсерлі сазды әуен секілді жағады.

### **Колданылған әдебиеттер тізімі**

1. Дүкен Мәсімханұлы, Айнұр Әбиденқызы «Қытай филологиясына кіріспе»
2. Дүкен Мәсімханұлы, Қайролла Мамытан «Қытай тілі фонетикасының негіздері»
3. Нұрхалық Абдырақын «Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы»
4. Уикипедия-ашық энциклопедиясы